

№ БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТЫ¹

_____ қ.

« ____ » _____ 20__ ж.

«**First Heartland Jusan Bank**» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «**Қарыз беруші**» немесе «**Банк**» атынан уәкілетті өкіл әрекет ету үшін негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші Банктің уәкілетті өкілінің лауазымын көрсету Тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) толық көрсету мырза (ханым) бір тараптан және

[бұдан әрі «**Қарыз алушы**» деп аталатын қарыз алушының ұйымдық-құқықтық формасын және атауын толық көрсету атынан уәкілетті өкіл әрекет ету үшін негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші лауазымын көрсету Тегін, атын, әкесінің атын толық көрсету мырза (ханым) келесі тараптан]¹

[бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын Бірлесіп қарыз алушының ұйымдық-құқықтық формасын және атауын толық көрсету атынан уәкілетті өкіл әрекет ету үшін негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші лауазымын көрсету Тегін, атын, әкесінің атын толық көрсету мырза (ханым) үшінші тараптан]

[бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын [_____ сериясы _____ № _____ Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік]² негізінде әрекет етуші **Жеке кәсіпкер** тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсету үшінші тараптан],

[бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын Қарыз алушы- шаруа (фермерлік) қожалығының атауын көрсету Шаруа (фермерлік) қожалығы атынан шаруа қожалығы қызмет ету үшін негізге алған құжатты көрсету негізінде әрекет етуші өкілдің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) толық көрсету үшінші тараптан]

[бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын Бірлесіп қарыз алушының тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) толық көрсету мырза (ханым) үшінші тараптан] егер басқа Бірлесіп қарыз алушылар болған жағдайда оларды тиісті нөмірлермен көрсету

келесі абзац барлық Бірлесіп қарыз алушыларды ескеріп баяндалсын.

[Қарыз алушы және [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] бірлесіп бір тарапты білдіреді, бұдан әрі Банктік қарыз шартының мәтіні бойынша бірлесіп «Қарыз алушы» деп аталады, бұндай кезде Банктік қарыз шартындағы «Қарыз алушыға» жасалған сілтемелердің барлығы Қарыз алушыны, [Бірлесіп қарыз алушыны,] [Бірлесіп қарыз алушыларды] бірге және әрқайсысын бөлек тұспалдайды, бұндай кезде «Қарыз алушының» барлық құқықтары мен міндеттері Қарыз алушыға, [Бірлесіп қарыз алушыға,] [Бірлесіп қарыз алушыларға] бірдей дәрежеде қатысты болады. Қарыз алушы, [Бірлесіп қарыз алушы,] [Бірлесіп қарыз алушылар] осы Банктік қарыз шартына қол қою арқылы осы Банктік қарыз шартының талаптарын тиісті түрде орындау міндеттемесіне ие болады және осы Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін толық ортақ жауапкершілікте болады,]³

бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталатындар жекелеген талаптары Банктің www.jysanbank.kz Интернет-ресурсында және _____ № ____ «_____» және _____ № ____ «_____» газеттерінде жарияланған Қаржыландыру шарттары және Бас кредиттік келісімнің үлгі ережелерінде (бұдан әрі – Үлгі ережелер) анықталған осы Банктік қарыз шартын (бұдан әрі-Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

Егер басқасы осы Шартта және/немесе Үлгі ережелерде және/немесе Қаржыландыру шарттарында тікелей анықталмаса, осы Шартта қолданылатын терминдер мен бас әріппен жазылатын анықтамалар Үлгі ережелерде анықталған мәнге ие болады.

¹ Осы Шарттың мәтіні бойынша тік жақшада көрсетілгендердің барлығы мәміленің мәніне, Банктің тиісінше уәкілетті органының/тұлғасының шешімі болуына және т.б. байланысты қабылданады немесе алынып тасталады. Шарт мәтінінен тік жақшада көрсетілген жекелеген тармақтарды/тармақшаларды алып тастау кезінде, қажет болғанда Шарттың келесі тармақтарының/тармақшаларының реттік нөмірлерін өзгерту қажет

² жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген жағдайда қолданылады

³ Бірлесіп қарыз алушы(-лар) болған жағдайда

1. Шарттың мәні

1.1. Қарыз беруші Қарыз алушыға кредит берудің тиісті бағдарламасына сәйкес қарыздың тиісті бизнес-жоспарына немесе техника экономикалық негіздемесіне және(немесе) қарыз алушы ұсынатын өтінішке сәйкес қарыз мақсатын көрсету үшін ақылық, мерзімділік, қайтарымдылық, [қамтамасыз ету] және мақсатты пайдалану шарттарында нақты берілген бірінші күннен бастап (қарызды пайдалану мерзімін санмен көрсету (қарызды пайдалану мерзімін жазбаша көрсету)) ай пайдалану мерзіміне сомасын санмен көрсету (сомасын жазбаша көрсету) (қарыз валютасын көрсету) мөлшерінде қарыз беруге міндеттенеді (бұдан әрі – Қарыз).

1.2. Қарыз алушы қарызды пайдаланғаны үшін Қарыз берушіге өтелмеген Қарыз сомасынан жылдық сыйақы мөлшерлемесін санмен көрсету (сыйақы мөлшерлемесін жазбаша көрсету) пайыз есебінен тіркелген пайыздық мөлшерлеме бойынша сыйақы төлеуге міндеттенеді, осы Шартты жасасқан кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылдық сыйақы мөлшерін санмен көрсету (сыйақы мөлшерлемесін жазбаша көрсету) пайызды құрады.

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері оны есептеу үшін қажетті мәліметтер өзгерген жағдайда түзетілуі мүмкін. Сыйақыны есептеу Қарыз алушының Қарызды нақты алған күнінен бастап жүргізіледі және Қарызды пайдаланған күндер санына, 360 күнге тең жылдағы күндер санына және пайдаланудың бірінші күнін қоса алғанда және соңғы күнді алып тастағандағы айдағы нақты күндер санына байланысты есептеледі.

2. Қарыз беру шарттары

2.1. Қарызды өтеу әдісі. Қарыз алушы Қарызды өтеу мен сыйақы төлеуді _____ мына әдістердің бірін көрсету: аннуитетті төлемдері, саралау төлемдері (негізгі қарызды тең үлеспен өтейтін) немесе Тараптардың келісімі бойынша белгіленген тәсіл әдісімен жүргізеді.

2.2. Тұрақсыздық төлемін есептеу тәртібі және мөлшері.

Негізгі қарыз және/немесе сыйақы сомасын өтеу мерзімін кешіктірген кезде тұрақсыздық төлемінің (өсімақы) мөлшері мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген негізгі қарыз және/немесе сыйақы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес) пайызды/(Банктің уәкілетті органының шешімінде қарастырылған жағдайда тұрақсыздық төлемінің мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету (керексізін алып тастау) құрайды.

2.3. Комиссиялардың және басқа төлемдердің тізбесі және мөлшері:

[- Комиссия (комиссия атауын, мөлшерін санмен, жазбаша және оны төлеу тәртібін/төлем көзін көрсету).]

[- (төлем атауын, мөлшерін санмен, жазбаша және оны төлеу тәртібін/төлем көзін көрсету).⁴

2.4. Қарызды, сыйақыны өтеу мерзімділігі және тәртібі. Осы Шарттың 1.2. т. сәйкес есептелген сыйақы сомасы, сондай-ақ Қарыз сомасы Қарыз алушының осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне (Шартқа №1 қосымша) сәйкес мерзімділікті көрсету – ай сайын, тоқсан сайын және т.б. Қарыз алушының «First Heartland Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету ашылған № Қарыз алушы шотының нөмірін көрсету ағымдағы шотына ақшаны есепке алуы және Қарыз берушінің оларды алуы арқылы өтеледі.

Өтеу кестесінде белгіленген төлемнен көп мөлшердегі төлем кезінде Қарыз алушының Қарызды мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі жазбаша өтініші болмаған жағдайда Қарыз беруші жоспарлы төлемнен асқан соманы өтеу кестесіне сәйкес келесі төлем (-дер) кезең(-дер)індегі төлемдерді өтеуге жатқызады.

Қарызды, сыйақыны өтеу, сондай-ақ Қарызды алуға және қарыз бойынша қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды және басқа төлемдерді төлеу осы сомаларды Қарыз

⁴ Қарыз беруге және Қарыз бойынша қызмет көрсетуге байланысты өндіріп алуға жататын комиссиялардың және басқа төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ олардың мөлшерін көрсету қажет

алушының ағымдағы шотынан алу (есептен шығару) арқылы қолма-қол ақшасыз түрде жүргізіледі, ал осы Шартта қарастырылған сомаларды төлеу мерзімін бұзу кезінде осы сомаларды Қарыз алушының Қарыз берушіде, басқа банктерде және/немесе Қазақстан Республикасында банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан алу (есептен шығару) арқылы, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес төлем талапты ұсыну арқылы жүргізіледі.

Қарыз алушы Қарызды өтеу үшін өз ағымдағы шотына демалыс күні салған ақша Қарыз бойынша берешекті өтеу күні болып табылатын демалыс күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні Қарыз бойынша берешекті өтеу есебіне ағымдағы шоттан алынады (есептен шығарылады). Бұл кездегі демалыс күндері: сенбі, жексенбі (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің негізінде демалыс күндерін ауыстыруға байланысты сенбі және/немесе жексенбі жұмыс күндері болып жарияланған жағдайлардың басқасынан), мереке күндері, демалыс күндері болып жарияланған күндер.

3. Қамтамасыз ету тәсілі

[3.1. Қарыз берудің шарты Қарыз алушының Қарызды уақтылы қайтару және оны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге (қамтамасыз ету түрін көрсету): а) (кепіл заттың жеке анықталған белгілерін көрсету, (жылжымайтын және жылжымалы мүліктер бойынша тұрған орнының мекенжайы көрсету); б) Кепілдік/Кепілгерлік (керексізін алып тастау) Кепілгердің/кепілдік берушінің атауын және ұйымдық-құқықтық формасын (кепілдік бойынша); в) банктік салым бойынша ақша сомасы мен валютаны, оның нөмірі мен жасасу күнін (депозиттегі ақшаны кепілдікке қою бойынша); г) айналымдағы тауарлардың атаулары мен тізбесін (айналымдағы тауарлар бойынша); д) атауы мен мөлшерін, категориясын және ҰСН-ді (бағалы қағаздар бойынша); е) атауын, сериясын, шыққан жылын, шығарған елді және өзге жеке анықталған белгілерін (құрал-жабдық бойынша); ж) атауын, күнін, талап ету құқығы туындаған келісім/ шарт нөмірін, контрагенттің атауы мен ұйымдық-құқықтық формасын (талап ету бойынша) көрсету; з) Қарыз беруші уәкілетті органының шешіміне сәйкес өзге мүлік (керексізін алып тастау) ұсынуы болып табылады.

[Қамтамасыз етудің бағаланған құны міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету шарт(-тар)ында көрсетіледі.]⁵

[Қарыз беруші тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету шарт(-тар)ы ұсынылғанға дейін Қарызды ұсыну жөніндегі міндеттемелерден босатылады.]⁶

[Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету туралы тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген шартты(-тарды) Қарыз берушіге Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету шарты ұсынылуы тиіс мерзімді көрсету /осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннің ішінде ұсынады.]⁷

[Қарыз міндеттемелерді (бланкілік) орындауды қамтамасыз етудің ұсынылған жағдайда Шарттың 3.1-тармағы келесі редакцияда баяндалсын.

3.1. Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша қамтамасыз етуді ұсынуы талап етілмейді.]

[3.1. Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша қамтамасыз етуі осы Шарттың 11.1-тармағы тармақшасын көрсету –тармақшасында көрсетілген мүлік болып табылады.]⁸

⁵ кепілдік, кепілгерлік қамтамасыз ету болып табылған жағдайда немесе кепілдік бағалауға жатпаса, тік жақшада көрсетілгендер алынып тасталады.

⁶ Қарыз тиісті түрде ресімделген Қамтамасыз ету шарты ұсынылғаннан кейін Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша ұсынылған жағдайда көрсету

⁷ Қарыз тиісті түрде ресімделген Қамтамасыз ету шарты ұсынылғанға дейін Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша ұсынылған жағдайда көрсету.

⁸ Қарыз Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген мүлік ұсынылғанға дейін берілген жағдайда және Шартты жасасу күнінде қамтамасыз етуге басқа мүлік ұсынылмаған жағдайда көрсету.

4. Шарттың қолданыс мерзімі

4.1. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған және Тараптардың мөрлерімен (болған жағдайда) бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданыста болады.

5. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде Қарыз беруші қолданатын шаралар

5.1. Осы Шарттың 5.2-тармағында қарастырылған әдіспен Қарыз беруші жолдаған хабарламадан туындайтын талаптарды қанағаттандырмаған кезде, Қарыз беруші Қарыз алушыға Үлгі ережелерде анықталған шаралардан басқа келесі шараларды қолдануға құқылы:

1) Қарыз алушының кез келген банктік шоттарындағы ақшаны даусыз тәртіпте, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес төлем тапсырмасын ұсыну арқылы өндіріп алуға;

5.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілуі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз беруші Қарыз алушыға мерзімі кешіктірілген берешек мөлшерін көрсету арқылы осы Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі туралы және Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдары туралы, осы Шартта көрсетілген электронды пошта/мекенжай бойынша хабарламалар/sms-хабарламалар және Шартқа қол қою күні және осы Шарттың әрекет ету мерзімінде қол қоятын және Қарыз берушіге ұсынатын өзге құжаттарда көрсетілген басқа байланыс деректері бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлайды. Хабарламада көрсетілген талаптарды қанағаттандырмаған кезде, Қарыз беруші Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған, оның құқығы мен мүдделерін қорғауына, Қарыз алушының Қарыз берушіге берешегін қайтаруына қажетті және жеткілікті шаралардың бәрін қолдануға құқылы. Осыған байланысты Қарыз беруші жұмсаған шығындардың бәрі Қарыз алушының шотына жатқызылады.

Қарыз алушы орналасқан жерінің өзгеруі туралы хабарламаған жағдайда, Қарыз берушінің осы Шарттың деректемелерінде көрсетілген мекенжай бойынша тапсырысты пошта арқылы жіберілген пошталық хабарламалары Қарыз алушымен алынған деп есептеледі.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Қарыз алушы Үлгі ережелер, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған кезде Қарыз берушіге Үлгі ережелерде және Шартта анықталған мөлшерлерде тұрақсыздық төлемін (өсімақы, айыппұл) төлеуге міндеттенеді.

6.2. Қарыз алушы Қарыз сомасын өтеу мерзімін кешіктірген кезде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес пайыз)/ тұрақсыздық төлемінің басқа мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемін жазбаша көрсету) тұрақсыздық төлемін (өсімақы) төлеуге міндеттенеді.

6.3. Қарыз алушы есептелген сыйақы сомасын өтеу мерзімін кешіктірген кезде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген сыйақы сомасынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес пайыз)/ тұрақсыздық төлемінің басқа мөлшерін санмен көрсету (тұрақсыздық төлемін жазбаша көрсету) тұрақсыздық төлемін (өсімақы) төлеуге міндеттенеді.

ерекше шарттар болмаған жағдайда және Қарыз берушінің уәкілетті органының шешімінде олардың орындалмағаны үшін тұрақсыздық төлемдері болмаған жағдайда 6.4-тармақты алып тастау

6.4. Қарыз алушы келесі міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісті орындамаған кезде Қарыз берушіге:

Осы Шарттың 11.1-тармағы тармақшаларының нөмірлерін және төмендегі абзацтарға сәйкес оларды бұзу үшін тұрақсыздық төлемі (өсімақы, айыппұл) мөлшерін көрсету қажет:

- осы Шарттың 11.1-тармағы- тармақша нөмірін көрсету тармақшасында қарастырылған міндеттемелер бойынша мерзімі кешіктірілген әр күн үшін Қарыз берушінің уәкілетті органының шешіміне сәйкес көрсету сомасынан 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз / Қарыз берушінің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшерін көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемін (өсімақы) төлеуге;

- осы Шарттың 11.1-тармағы тармақша нөмірін көрсету тармақшасында қарастырылған міндеттемелер бойынша уәкілетті органының шешіміне сәйкес көрсету сомасынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыз / Қарыз берушінің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшерін көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеуге міндеттенеді.

7. Қарыз беру тәртібі

7.1. Қарыз Қарызды ұсыну тәртібін көрсету: қажет болу шамасына қарай толық немесе ішінара біржолғы [Қарыз алушының Алғашқы кредиторда ашқан № _____ ағымдағы шотына кейіннен аударумен]/[Автосалонның [және басқа ұйымның] ағымдағы шотына кейіннен аударумен]⁹ Қарыз алушының «First Heartland Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету филиалында ашылған № шот нөмірін көрсету ағымдағы шотына аудару арқылы ұсынылады.

8. Сақтандыру.

[8.1. Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне (Қарыз алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін) жасалатын жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шарты келесі мерзімін ұзарту арқылы мерзімді санмен көрсету (мерзімді жазбаша көрсету) ай мерзімге жасалады. Осы Шартта Сақтандыру шартының мерзімін ұзарту деп Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды қоспағанда, бұрын жасалған Сақтандыру шартының мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен кешіктірмей күшіне енген жаңа Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) немесе бұрын қолданыста болған Сақтандыру шартына Сақтандыру шартының қолдану мерзімін ұзарту туралы қосымша келісімді, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысының төленгендігін растайтын құжатты(-тарды), сондай-ақ ҚР заңнамасының және Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес басқа да қажетті құжаттарды беру арқылы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімін ұзарту ұғынылады.

[Қарыз алушы тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шартын Қарыз берушіге Қарыз берілгенге дейін ұсынады. Тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шарты ұсынылғанға дейін Қарыз беруші Қарыз беру бойынша міндеттемелерден босатылады.]¹⁰

[Қарыз алушы тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шартын Қарыз берушіге Сақтандыру шарты ұсынылуы тиіс мерзімді көрсету) ішінде ұсынады.]¹¹

Сақтандырушы туралы мәлімет:

(Сақтандырушы туралы қажетті мәліметтерді көрсету, яғни атауын, деректемелерін, телефон нөмірлері мен мекенжайын).

[8.1. Осы Шарттың шеңберінде сақтандыру қарастырылмаған.]

9. Қарыз алушының бастамасы бойынша Қарызды мерзімінен бұрын өтеу

9.1. Бір жыл мерзімге дейін берілген Қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін және бір жылдан астам мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткенге дейін Қарызды толық немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеу кезінде Қарыз алушы мерзімінен бұрын өтелетін сомадан айыппұл мөлшерін санмен көрсету (айыппұл мөлшерін жазбаша көрсету) мөлшерінде айыппұл төлеуді жүргізеді.

(Бір жыл мерзімге дейін берілген Қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде

⁹ Қаржыландыру талаптарына байланысты нұсқаны таңдау

¹⁰ Егер Қарыз Қарыз алушы Банкке тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шартын ұсынғаннан кейін берілсе тік жақшада көрсетілгенді қалдыру қажет

¹¹ Егер Қарыз Қарыз алушы Банкке тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шартын ұсынғанға дейін берілсе тік жақшада көрсетілгенді қалдыру қажет

/бір жылдан астам мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде Қарызды мерзімінен бұрын өтеу немесе мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу үшін айыппұл жоқ болған жағдайда Қарызды мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу үшін комиссия алынады аталған тармақ келесі редакцияда баяндалсын: «9.1. Осы Шарт бойынша Қарызды толық немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеу үшін айыппұл санкциялары жоқ.»).

9.2. Мерзімінен бұрын өтеу жағдайында Қарыз алушы Қарыз берушіге бұл туралы мерзімінен бұрын өтеу күнінен 1 (бір) күн бұрын жазбаша хабарлайды.

9.3. Қарыз сомасын ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайында, Қарыз алушы Қарыз берушінің ішкі құжаттарында/Қарыз берушінің уәкілетті органының шешімінде қарастырылған төменде көрсетілген тәсілдердің бірін қарастыратын өтеу кестесін таңдайды:

- 1) Қарыз мерзімі өзгеріссіз қалатын жоспарлы төлемнің ай сайынғы сомасын азайту;
- 2) жоспарлы төлемнің ай сайынғы сомасының мөлшері ай сайынғы төлемнің бұрын белгіленген мөлшерінен аспайтын өтеу сомасын құрайтын Қарыз мерзімін азайту;
- 3) Қарыз мерзімі өзгеріссіз қалатын кейінгі төлемнің мөлшерін мерзімінен бұрын өтеу сомасына азайту.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Тараптар құқықтарын жүзеге асыруға құқылы және Үлгі ережелерде және осы Шартта анықталған міндеттерді тиісті түрде орындауға міндеттенеді.

10.2. Қарыз беруші құқылы:

1) Ықтимал дефолт, Дефолт, Кросс-дефолт басталған, Қарыз алушы осы Шарттың 10.5-тармағының 1), 2), 3), 7), 8) тармақшаларын бұзған жағдайларда есептелген сыйақы және осы Шарттың және/немесе Үлгі ережелердің талаптарына сәйкес төленуі тиіс басқа да сомаларды қоса Қарыз алушының негізгі берешек сомасынан толық көлемде мерзімінен бұрын өндіріп алуға, [ал егер оның талабы қанағаттандырылмаған жағдайда, кепілдік затынан/қамтамасыз етуден ақы өндіріп алуға.]¹²

2) Қарыз алушы Шарт міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктіруге жол берген кезде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке тапсыруға. Бұндай кезде берешек сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікте болған кезеңде Қарыз берушінің келесілерге құқығы жоқ:

а) берешекті өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;

б) берешек коллекторлық агенттіктің қарауында болған кезеңде есептелген сыйақыны төлеуді талап етуге, сондай-ақ аталған кезеңде негізгі қарыздың және сыйақының уақтылы өтелмегені үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) есептеуге;

3) Қарыз алушыда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін тоқсан реттік күнге кешіктіру болған кезде Шарт бойынша құқықты (талап ету) ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңында белгіленген тұлғаға тапсыруға;

4) Қарыз алушыға осы Шартты орындауға байланысты қосымша талаптар қоюға;

5) Қарыз берушіде ашылған Қарыз алушының барлық банктік шоттарындағы Қарыз алушының ақша қозғалысын бақылауға.

б) осы Шартқа сәйкес төленуі тиіс сомаларды өтеу мерзімі басталған кезде, сондай-ақ Қарыз берушіде осы Шартта қарастырылған өзге де сомаларды төлеу талабы пайда болған жағдайда, аталған сомаларды Қарыз алушының осы Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген ағымдағы шотынан алуға (есептен шығаруға), ал осы Шартта қарастырылған сомаларды төлеу мерзімін бұзған кезде осы сомаларды Қарыз алушының Қарыз берушіде, басқа банктерде және/немесе Қазақстан Республикасында банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдарда ашқан кез келген банк шоттарынан, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес төлем талапты ұсыну арқылы алуға (есептен шығаруға);

7) Осы Шартта қарастырылған жағдайларда осы Шарт бойынша берешекті мерзімінен

¹² Қарыз бойынша қамтамасыз ету/кепілдік болған жағдайда көрсетіледі

бұрын қайтаруды талап етуге;

8) Үлгі ережелерде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

Осы тармақтың келесі тармақшаларында Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес Банктің басқа құқықтарын көрсетуге болады

10.3. Қарыз алушы құқылы:

1) Шарт бойынша берешекті өтеу шотына түскен ақшаны (негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемдері, айыппұлдар мен айыппұл санкцияларының өзге түрлері, сондай-ақ өзге де төлеуге тиісті сомалар) бөлу туралы ақпаратты жазбаша формада айына 1 (бір) реттен жиі емес, ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде өтініш бойынша алуға;

2) осы Шарт бойынша ұсынылған ақшаны Қарыз берушіге мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару жөніндегі өтініш бойынша – 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жазбаша формада мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсетіп, негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемі және айыппұл санкцияларының өзге түрлері, сондай-ақ төленуге тиісті өзге сомаларға бөлумен қайтаруға тиесілі сома мөлшері туралы мәліметті ақысыз алуға;

3) Үлгі ережелерде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақтың келесі тармақшаларында Қарыз алушының басқа құқықтарын көрсетуге болады

10.4. Қарыз беруші міндеттенеді:

1) Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілуі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыға осы шартта қарастырылған мерзімде және тәсілмен мерзімі кешіктірілген берешек мөлшерін көрсету арқылы осы Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы және Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдары туралы хабарлауға. Қарыз беруші Қарыз алушыға хабарлау үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы;

2) Қарыз алушының өтініші бойынша Шарт бойынша берешекті өтеу шотына түскен ақшаны (негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемдері, айыппұлдар мен айыппұл санкцияларының өзге түрлері, сондай-ақ өзге де төлеуге тиісті сомалар) бөлу туралы ақпаратты жазбаша формада айына 1 (бір) реттен жиі емес, ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде ұсынуға;

3) Қарыз алушының осы Шарт бойынша ұсынылған ақшаны Қарыз берушіге мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару жөніндегі өтініші бойынша мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсетіп, негізгі қарыз, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық төлемі және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс өзге сомаларға бөлумен қайтаруға тиесілі сома мөлшері туралы мәліметті 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде ақысыз ұсынуға;

4) Қарыз берушінің шарт бойынша құқықтарының (талаптарының) үшінші тұлғаға өту талаптары белгіленген шартты (бұдан әрі-талап ету құқығын табыстау шарты) жасасу кезінде бұл туралы Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне):

- құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға табысталу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай табыстауға байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы талап ету құқығын табыстау шартын жасасқанға дейін Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдіспен хабарлауға;

- үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) өткені туралы Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдіспен хабарланған талап ету құқығын табыстау шартын жасасқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде үшінші тұлғаға (Шарт бойынша талап ету құқығы (талабы) табысталған тұлғаның атауы және орналасқан мекенжайы) Қарызды өтеу бойынша кейінгі төлемдерді, табысталған құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі қарыздың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық төлемдерінің (айыппұл, өсімақы) және төленуі тиіс өзге

сомалардың мерзімі кешіктірілген және ағымдағы сомаларын көрсету арқылы хабарлауға.

5) Үлгі ережелерде қарастырылған міндеттемелерді орындауға;

Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақтың келесі тармақшаларында Банктің басқа міндеттемелерін көрсетуге болады

10.5. Қарыз алушы міндеттенеді:

1) Қарыз берушінің жазбаша келісімінсіз:

- Қарыз алушыны қайта ұйымдастыруды, ерікті таратуды жүзеге асырмауға;

- дербес немесе кез келген үшінші тұлғалармен заңды тұлға болып құрылмауға, дербес немесе кез келген үшінші тұлғалармен акцияларды және/немесе заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (сатып алынатын акциялардың санына және/немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің мөлшеріне байланыссыз) сатып алмауға;

- басқа екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар алдындағы үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілге мүлікті/кепілдіктерді/кепілгерліктерді ұсынбауға, сондай-ақ сомасы Қарыз алушы активтерінің баланстық құнынан және/немесе меншікті капиталынан 10 (он) пайыз мөлшерде асатын және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін заңдық тұрғыдан ұқсас басқа да мәмілелерді жасаспауға;

- өзінің заңды мәртебесін (заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасын) өзгертпеуге және заңды тұлға ретінде өз қызметін тоқтатпауға;

2) Қарыз берушіге алдын ала жазбаша хабарламастан:

- Қарыз алушы басшылығының құрамын өзгертпеуге;

- Қарыз алушы жарияланған акцияларының санын азайту (жарғылық капитал мөлшерін азайту) мәселесі бойынша Қарыз алушы жоғарғы органының шақырылуына бастамашылық етпеуге;

3) Қарыз берушінің қарыз қаражаты есебінен Қарыз берушінің акцияларын сатып алмауға;

4) Қарыз берушіге (төменде көрсетілген жағдайлар Қарыз алушыға қолданылған жағдайда):

- тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей Қарыз алушының қаржы есебін беруге (баланс, баланстың №2, №3 формасы бойынша қосымшалар, баланстың түсіндіруімен қоса) (*Қарыз алушы ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептемесін жасаудың оңайлатылған формасын қолданған кезде ұсынылмайды*);

- жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей жылдық есепті және салық декларациясының көшірмесін ұсынуға (*Қарыз алушы ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептемесін жасаудың оңайлатылған формасын қолданған кезде ұсынылмайды*);

- жыл сайын, есептік жылдан кейінгі жылдың 25 наурызынан кешіктірмей Банкке аудиттелмеген жылдық қаржы есептемесін, бар болған кезде үлестес тұлғаларының аудиттелген есептемесін (болған кезде) беруге (*Қарыз алушы ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептемесін жасаудың оңайлатылған формасын қолданған кезде ұсынылмайды*);

- есептік салық кезеңінен (жарты жылдық) кейінгі келесі айдың 25-нен кешіктірмей салық декларациясының көшірмесін ұсынуға (*Қарыз алушы бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептемесін жасаудың оңайлатылған формасын қолданған кезде ұсынылады*);

- тоқсан сайын, есепті тоқсандағы соңғы айдың 25-нен кешіктірмей құрылтай құжаттарына немесе Қарыз алушының жай акцияларының он және одан да көп пайызын иеленуші акциялар ұстаушыларының тізіліміне, Қарыз алушының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлесі) соңғы меншік иесінің жай акцияның он және одан да көп пайызын иеленуші, Қарыз алушының жарғылық капиталындағы барлық меншік иелерінің үлесі туралы ақпаратты ашатын өзгертулер мен толықтырулардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынуға, Қарыз алушының құрылтай құжаттарында немесе

Қарыз алушының жай акциялардың он және одан да көп пайызын иеленуші акция ұстаушылардың тізілімінде өзгертулер мен толықтырулар болмаған жағдайда мұндай өзгертулер мен толықтырулардың жоқтығы жөнінде хат ұсынуға (*Қарыз алушы – заңды тұлға болған жағдайда ұсынылады*);

- Қарыз берушінің алғашқы талабын алғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей Қарыз алушының төлем қабілеттілігін/қаржы жағдайын анықтау үшін және осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауға қажетті дұрыс мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға, оның ішінде мерзімі өткен берешек құрылған кезде;

- тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей өз құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілмегені туралы жазбаша хабарламаны немесе құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін немесе уәкілетті мемлекеттік органның хатын ұсынуға (*Қарыз алушы – заңды тұлға болған жағдайда ұсынылады*);

- тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей растайтын құжаттарды ұсыну арқылы қатысушылар/акционерлер құрамының өзгеруі/өзгермеуі туралы жазбаша хабарлама ұсынуға (*Қарыз алушы – заңды тұлға болған жағдайда ұсынылады*);

- жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей қызметкерлердің саны/орташа жылдық саны туралы мәлімет беруге (*Қарыз алушы ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептемесін жасаудың оңайлатылған формасын қолданған кезде ұсынылмайды*);

- жыл сайын, есепті жылдан кейінгі келесі айдың 25-нен кешіктірмей Банкке қызметкерлердің саны/орташа жылдық саны туралы мәлімет беруге (*Қарыз алушы бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептемесін жасаудың оңайлатылған формасын қолданған кезде ұсынылады*);

- Қарыз берушінің талабы бойынша, сондай-ақ өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей Банк белгілеген форма бойынша Қарыз алушы үлестес тұлғаларының соңғы тізілімін ұсынуға (*Қарыз алушы - ЖШС, ҚЖС, АҚ заңды тұлғасы болған жағдайда ұсынылады*);

5) осы Шарт жасалғаннан кейін Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз берушімен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлға болған жағдайда және/немесе Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Қарыз алушыда ол тәуекелдік мөлшері бір қарыз алушыға сияқты есептелетін, Қарыз берушінің қарыз алушылар тобына кіретіні туралы ақпарат пайда болған жағдайда, бұл туралы Қарыз берушіге осындай жағдайлар/ақпарат туындаған күннен бастап 1(бір) жұмыс күннің ішінде хабарлауға және Қарыз беруші белгілеген мерзімде Қарыз беруші белгілеген қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға немесе Қарыз беруші белгілеген мөлшерге дейін Қарыз беруші талаптарының бір бөлігін орындауға;

6) осы Шарттың әрекет ету мерзімінде осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауды қиындататын әрекеттерді істемеуге;

7) басқа банктерден, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, қарыз беруді жүзеге асыратын микроқаржы ұйымдарынан және қарыз, кепілдіктер, аккредитивтер беруді жүзеге асыратын басқа да ұйымдардан қарыздар, кепілдіктер, аккредитивтер (бұдан әрі – Өзге қаржыландыру) алу ниетін білдіру кезінде Қарыз берушіге оларды алу ниеті туралы жазбаша хабарламаны Қарыз берушінің аталған мәселені қарауы үшін және оның келісім беру немесе келісім беруден бас тарту туралы жазбаша жауабын алу үшін жолдауға. Қарыз берушінің осындай келісім беруден бас тарту туралы жауабын алған кезде және Өзге қаржыландыру алған жағдайда Қарыз алушы Қарыз берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде осы Шарт бойынша берешекті мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

8) акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестігінің) он және одан да көп акция пайыздарымен (қатысу үлестерімен) жинақтап алғанда иеленетін Қарыз алушының құрылтайшылар (қатысушылар)/акционерлер құрамын өзгерту ниетін білдіру кезінде Қарыз берушіге акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестігінің) он және одан да көп акция

пайыздарымен (қатысу үлестерімен) жинақтап алғанда иеленетін Қарыз алушының құрылтайшылар (қатысушылар)/акционерлер құрамын өзгерту ниеті туралы жазбаша хабарламаны Қарыз берушінің аталған мәселені қарауы үшін және оның келісім беру немесе келісім беруден бас тарту туралы жазбаша жауабын алу үшін жолдауға. Қарыз берушінің осындай келісім беруден бас тарту туралы жауабын алған кезде және акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестігінің) он және одан да көп акция пайыздарымен (қатысу үлестерімен) жинақтап алғанда иеленетін Қарыз алушының құрылтайшылар (қатысушылар)/акционерлер құрамын өзгерту жағдайында Қарыз алушы Қарыз берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде осы Шарт бойынша берешекті мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

[9] Қарыз осы Шартта көрсетілген нысаналы мақсатына сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды келесі мерзімде ұсынуға:

- айналым қаражатын толтыруға – егер басқасы Қарыз берушінің шешімінде белгіленбесе, Қарыз берілген күннен бастап 2 (екі) ай мерзім өткеннен кейін;

- инвестициялық мақсаттарға - егер басқасы Қарыз берушінің шешімінде белгіленбесе, Қарыз берілген күннен бастап 3 (үш) ай мерзім өткеннен кейін]¹³

10) Үлгі ережелерде қарастырылған басқа да міндеттемелерді орындауға.

Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақтың келесі тармақшаларында Қарыз алушының басқа міндеттемелерін көрсетуге болады

[10.6. Қарыз алушы Қарызды осы Шартта көрсетілген нысаналы мақсатқа сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды Қарыз беруші белгілеген мерзімде ұсынуға міндеттенеді.]¹⁴

[10.6. Қарыздың осы Шартта көрсетілген нысаналы мақсатқа сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.]¹⁵

11. Басқа шарттар

11.1. Ерекше шарттар: *(ерекше шарттар болмаған жағдайда келесі редакцияда баяндалсын «11.1. Ерекше шарттар жоқ»).*

11.2. Осы тиісті Шарт байланысты, келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар талапкердің/арыз берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес, ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелік соттарға бағынысты емес және осыған байланысты Қазақстан Республикасының соттарында қарастырылуы тиіс дауларды қоспағанда, Төрелік сотқа талап/өтініш беру күніндегі редакциядағы осы Төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның Регламентіне сәйкес, тұрақты жұмыс істейтін «Алматы Төрелік сотында» қарастырылуы тиіс.

11.3. Осы Шартта қарастырылмаған барлық жағдайларда Тараптар Үлгі ережелерді, Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Егер осы Шартта Үлгі ережелердің талаптарынан басқа (ақпарат/есептеме, міндеттемелер/міндеттер бойынша басқа мерзім, тәртіп және т.б.) талаптар белгіленген жағдайда осы Шарттың талаптары басымдыққа ие болады, сәйкесінше осы бөлігінде Үлгі ережелердің талаптары Қарыз алушыға қолданылмайда немесе осы Шартта баяндалған талаптардың мазмұнына байланысты өзгертіледі.

Егер Шарттың қандай да бір талабы заңсыз немесе жарамсыз болған жағдайда, бұл Шарттың басқа ережелерінің заңдылығына және жарамдылығына әсер етпейді. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу нәтижесінде осы Шарттың ережелері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына

¹³ Қарыз нысаналы мақсатына сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсыну қажет болған жағдайда көрсетіледі.

¹⁴ Қарыздың мақсатқа сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсыну қажет болған жағдайда.

¹⁵ Қарыздың мақсатқа сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсыну қажет болмаған жағдайда.

қарама-қайшы болса, Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алады.

11.4. Қарыз алушы осы Шартқа қол қою арқылы Үлгі ережелерді қабылдайды және:

- Үлгі ережелерді оқығанын, Қарыз алушы оны ешбір ескертусіз және қарсылықсыз толық көлемде қабылдағанын, Қарыз алушының ақылға қонымды мүдделерінен қабылданбауы мүмкін Қарыз алушы үшін қандай да бір ауыртпалықты шарттарды қамтымайтынын;

- осы Шарт жиынтықта Үлгі ережелермен Банктік қарыз шарты болып табылатынын;

- егер Қарыз алушы Шартқа қол қойған жағдайда, Үлгі ережелерді оқымағанын/қабылдамағанын және оларды түсінбегенін растау ретінде Үлгі ережелерде оның қолы қойылмағанына сілтеме жасауына құқығы жоқ;

- Қарыз алушы Қарыз берудің барлық талаптарымен келісетінін;

- Үлгі ережелердің барлық ережелері Қарыз алушының мүдделері мен еркіне толық сәйкес келетінін;

- Шартты жасау және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша Қарыз беру Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қарыз алушыға қолданатын заңнаманың кез келген нормаларын бұзбайтынына және бұзылуына алып келмейтінін растайды.

11.5. Осы Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы осы Шартты және/немесе Қарыз берушімен өзге мәмілелерді жасасу және оларды орындау, соның ішінде Қарыз алушының міндеттемелерін тиісті түрде орындау мақсатында, сондай-ақ Қарыз беруші және Қарыз алушы арасында, Қарыз беруші, Қарыз алушы және үшінші тұлғалар арасында, Қарыз беруші және үшінші тұлғалар, соның ішінде Қарыз алушы және/немесе Қарыз берушімен қатынастар (кез келген қатынастар) немесе жағдайлар арқылы байланысқан тұлғалар арасында қатынастар туындауына немесе туындау мүмкіндігіне/мәмілелерді жасасу/орындауға байланысты келесілерді қоса алғанда бірақ бұлармен шектелмей: банктік және басқа қызметтерді көрсетумен, соның ішінде оларды көрсету алдында немесе көрсету барысында кез келген әрекеттерді/мәмілелерді (бағалау және (немесе) сақтандыру (қарастырылған болса) бойынша және т.б.) жасаумен; хабарламаларды, талаптарды жөнелту, сондай-ақ ақпараттандыруға, соның ішінде Қарыз берушінің қызметтері туралы ақпараттандыруға; кез келген мәліметтер мен ақпаратқа сұрау салу және оны алуға; талап ету құқығын ұсынумен; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, мемлекеттік кірістер органдарына, квазимемлекеттік сектор ұйымдарына және т.б. есептерді/есептемелерді/сұрау салынған ақпаратты ұсынуға байланысты, сондай-ақ Ақпаратты ұсыну қажеттілігі бар/туындаған өзге жағдайларда Қарыз берушіге Қарыз алушы, Қарыз, осы Шарттың талаптары туралы кез келген ақпаратты, сондай-ақ Қарыз алушы мен Қарыз берушінің арасында жасалған, соның ішінде қолданысы тоқтатылған өзге шарттар бойынша ақпаратты, соның ішінде банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты (бұдан әрі – «Ақпарат») Қарыз берушіге, Қарыз беруші акционерлеріне және/немесе Қарыз берушінің үлестес тұлғаларына қызметтерді тиісті түрде көрсету үшін, сондай-ақ Қарыз берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының шеңберінде өз қызметін жүргізу үшін қажетті және жеткілікті ақпаратты қоса алғанда ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Қарыз берушінің үшінші тұлғаларға¹⁶ ұсынуына сөзсіз келісімін береді. Ақпаратты ұсыну Қарыз берушінің қарауында ҚР заңнамасына қарама-қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен жүзеге асырылады.

11.6. Қарыз алушының осы Шартқа қол қоюы оның банктік құпияны құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етуіне жазбаша келісімі болып табылатынын растайды.

11.7. Осы арқылы Қарыз алушы осы Шартқа сәйкес Қарыз алушының кез келген банктік

¹⁶ Қарыз берушімен шарттар/келісімдер жасасқан немесе аналитикалық сауалнамаларды жүзеге асыру, берешекті қайтару бойынша қызмет, консультативтік, заң, аудиторлық және басқа қызметтерді көрсету үшін Қарыз берушімен, Қарыз беруші акционерлерімен және/немесе Қарыз берушінің үлестес тұлғаларымен жалданған немесе жалданатын тұлғалар үшінші тұлғалар болып танылады.

шоттарынан тиісті сомаларды Қарыз алушы тарапынан қосымша келісімсіз/растаусыз/нұсқаусыз Қарыз берушінің алуына келісімін береді.

11.8. Қарыз алушы Қарыз берушіге байланыс ретінде осы Шарттың деректемелерінде, сондай-ақ Шартқа қол қою күні және осы Шарттың әрекет ету кезеңінде қол қоятын және Қарыз берушіге ұсынатын басқа құжаттарында жазбаша көрсетілген нөмірге телефон арқылы, электронды пошта арқылы Қарыз берушінің мыналар жөнінде хабарлама беруіне Қарыз алушы келісімін береді: 1) осы Банктік қарыз шарттары бойынша Қарыз алушыдағы берешектер, соның ішінде Қарызды өтеу бойынша мерзімін өткізіп алу нәтижелері; 2) Шарт бойынша басқа бұзушылықтар; 3) Шартқа қатысты шарттар, талаптар және т.б. Қарыз берушінің электронды мекенжайға/телефон нөміріне хабарлама жіберу арқылы, телефон соғу арқылы берген ақпаратты осы Шартқа қол қоюда жазбаша келісім берген Қарыз алушыға тиісті түрде жеткізілген және онымен алынғанын Қарыз алушы мойындайды.

11.9. Қарыз беруші Шарт бойынша құқығын (талаптарын) үшінші тұлғаға табыстаған кезде осы Шарттың шеңберінде Қарыз беруші мен Қарыз алушының қарым-қатынасына Қазақстан республикасының заңнамасында белгілеген талаптар және шектеулер Қарыз алушы мен құқық (талап) табысталған үшінші тұлға арасындағы құқықтық қатынастарға таралады.

11.10. Осы Шарт заңдық күші тең, әрқайсысы түпнұсқа деп саналатын, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде _____ бірдей дана етіп жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері әртүрлі болған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі мәтіні Шарттың мемлекеттік тілдегі мәтінінен басымдыққа ие болады.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ:

ҚАРЫЗ БЕРУШІ: Jusan Bank» АҚ, 050059, Алматы қ-сы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев данғылы, 242 үй, БСН 920140000084, ҚР ҰБ ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, КБЕ 14, 2021 жылғы 18 наурыздағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы, ресми интернет ресурс – www.jusanbank.

«Jusan Bank» АҚ филиалының атауын көрсету, филиалдың орналасқан мекенжайын, пошталық индексін, телефондарын көрсету, филиалды есепке алуды тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама/куәлік № анықтаманың берілген күні мен нөмірін көрсету, БСН БСН № көрсету

[ҚАРЫЗ АЛУШЫ: Қарыз алушының заңды тұлғасының атауын және ұйымдық-құқықтық формасын көрсету, заңды мекенжайы Қарыз алушының пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ _____ филиалындағы ағымдағы шоты № шоттың нөмірін көрсету, (қайта) тіркеу күнін көрсету № анықтаманың/куәліктің нөмірін көрсету заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы анықтама/куәлік, БСН БСН № көрсету.]

[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ: Бірлесіп қарыз алушының заңды тұлғасының атауын және ұйымдық-құқықтық формасын көрсету, заңды мекенжайы Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ _____ филиалындағы ағымдағы шоты № шоттың нөмірін көрсету, (қайта) тіркеу күнін көрсету № анықтаманың/куәліктің нөмірін көрсету заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы анықтама/куәлік, БСН БСН № көрсету.]

[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ: _____ жеке кәсіпкер, Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, тұрғылықты мекенжайын, хабарлама және талаптар жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электронды пошта мекенжайын, көрсету, берген органды және берілген күнін көрсету берген жеке куәлік (төлқұжат) № _____. [_____ ж. « _____ » _____ № _____ жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

куәлік,]¹⁷ ЖСН ЖСН № көрсету (бар болса), «First Heartland Jusan Bank» АҚ _____ филиалындағы ағымдағы шот № _____.]

[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ: _____ шаруа (фермерлік) қожалығы, Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексі, тұрғылықты мекенжайын, хабарламаларды және талаптарды жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, шаруа қожалығы әрекет ету үшін негізге алған құжатты көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ _____ филиалындағы ағымдағы шоты № _____]

[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ: Бірлесіп Қарыз алушының пошталық индексі, тұрғылықты мекенжайын, хабарлама және талаптар жолдауға арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық поштасын көрсету, жеке куәлігі (төлқұжат) құжаттың №, берілген күнін және берген органын көрсету, «First Heartland Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету филиалындағы ағымдағы шоттың № шот № көрсету, ЖСН ЖСН № көрсету (бар болса).

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

Қарыз беруші атынан:

_____ ТАӘ
(қолы)

[Қарыз алушы атынан] [Қарыз алушы]:

_____ ТАӘ
(қолы)

[МО (болған жағдайда)]

[[Бірлесіп қарыз алушы атынан] [Бірлесіп қарыз алушы]:

_____ ТАӘ
(қолы)
[МО (болған жағдайда)]

20__ жылғы «__» _____ №_____
Банктік қарыз шартына
№__ қосымша

_____ қ.

20__ ж. «__» _____

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға келісім¹⁸

Дербес деректер субъектісі бола тұра осы арқылы Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарына сәйкес «First Heartland Jusan Bank» АҚ-қа (бұдан әрі - Банк) менің дербес деректерімді, сондай-ақ Банкке ұсынылатын құжаттарда және мәліметтерде көрсетілген тұлғалардың дербес деректерін, соның ішінде биометриялық, электронды, қағаз бетіндегі және кез келген өзге

¹⁷ жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген жағдайда қолданылады.

¹⁸ Келісімге/шартқа қол қойған тұлғалар біруақытта осы Дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және тарату туралы келісімге қол қояды

тасымалдаушыдағы мәліметтерді және болашақта оларда болатын өзгертулер мен толықтыруларды жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға сөзсіз келісімді беремін.

Қарыз берушінің келесілерге құқылы екендігін растаймын:

1) Қарыз беруші осындай әрекеттерді заңнама талаптарына, клиенттермен, үшінші тұлғаларғамен жасалған шарттарға/келісімдерге сәйкес жасауға міндетті немесе құқылы болған кезде, сондай-ақ дербес деректерді тапсыру Қарыз берушіге өз қызметін жүзеге асыру үшін (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кіріс органдарына, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор ұйымдарына және т.б. есептерді/есептемелерді/ақпаратты ұсыну, операцияларды жүргізу, Банк қызметін жүзеге асыру және/немесе Банк мүдделерін қорғау және т.б. мақсатында мәмілелер жасасу) қажет болған жағдайларда дербес деректерді уәкілетті мемлекеттік органдарға және үшінші тұлғаларға табыстауға;

2) дербес деректердің трансшекаралық берілуін жүзеге асыруға, соның ішінде Заңның 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес;

3) дербес деректерді таратуға, соның ішінде Заңның 15-бабы 2-тармағына сәйкес;

4) дербес деректерге қол жеткізу шарттарын жеке анықтауға;

5) менімен/менің мүдделерімді танытатын тұлғамен құқықтық қатынастар тоқтатылғаннан кейін дербес деректерді кез келген тасымалдаушыларда ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген сақтау мерзімі ішінде сақтауға (керексізін алып тастау).

Банк деректерімді жинау, өңдеу және тарату, соның ішінде үшінші тұлғаларға табыстау бойынша жасап жатқан әрекеттері жөнінде біреуге хабарлауға міндетті емес.

Осы арқылы Банкке тиісті растайтын құжаттарды ұсынумен жаңа дербес деректерім жөнінде, сондай-ақ Банкке берілген дербес деректердегі кез келген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы Банкке 3 (үш) жұмыс күннің ішінде жазбаша хабарлауға міндеттенемін.

[Жеке тұлғаның ТАӘ көрсету

_____] /
(қолы)

[заңды тұлғаның бірінші басшысы/ өкілі болып табылатын жеке тұлғаның ТАӘ және лауазымын көрсету

_____] ¹⁹ /
(қолы)

ⁱ Үлгі ережелерге сілтеме жасалып, заңды тұлғаларға арналған Банктік қарыз шартының үлгілік формасы бекітілген:

- «First Heartland Jusan Bank» АҚ Басқармасымен «19» маусым 2018 ж. №83-18 хаттама
- «First Heartland Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғалар үшін «First Heartland Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесімен «27» маусым 2018 ж. №27/06/18-01 шешім/хаттама

¹⁹ Келісімнің/шарттың кіріспе бөлімінде көрсетілген барлық тұлғалар көрсетіледі